

Аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу ережесін және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы N 40 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шарушылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 18-04/245 бұйрығын қараңыз.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу ережесі және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 1 қ а ң т а р д а ғ ы

N 4 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу ережесі және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу ережесі және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптары (бұдан әрі - Ереже) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөнінде конкурс ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді (бұдан әрі - конкурс).

2. Конкурсты өткізу мақсаты жеке және заңды тұлғаларға оларға бекітіліп берілетін аң аулайтын алқаптарда аңшылық шаруашылығын жүргізу құқығын беру болып табылады.

3. Жеке меншіктегі немесе жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың уақытша жер пайдалануындағы жер учаскелеріндегі аң аулайтын алқаптар белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келген және уәкілетті органның ұсынымы болған жағдайда, олардың өтінімі бойынша конкурс өткізілмей, облыстардың жергілікті атқарушы органдарының шешімімен бекітіліп беріледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1510 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Конкурсқа шаруашылықаралық аңшылық ісін ұйымдастыру негізінде аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін перспективалы болып танылатын резервтік қордың аң аулайтын алқаптары және (немесе) учаскелері қойылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5. Аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру осы Ережеге сәйкес өткізілетін конкурстың қорытындылары негізінде облыстардың жергілікті атқарушы органдарының шешімімен оларға жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1510 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Құрамына жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру үшін қажет болып табылатын және шаруашылықаралық аңшылық ісін ұйымдастыру материалдары бойынша айқындалған мемлекеттік орман қорының учаскелері енетін аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру осы Ереженің негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Конкурсты ұйымдастыру

7. Конкурсты жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында басқару және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) аумақтық органы ұйымдастырады және ө т к і з е д і .

8. Уәкілетті органның аумақтық органы (бұдан әрі – конкурсты ұйымдастырушы) облыстардың жергілікті атқарушы органдарымен бірге конкурс өткізу жөнінде конкурстық комиссия құрады. Комиссия төрағасы конкурсты ұйымдастырушының бірінші басшысы болып табылады, сондай-ақ оған облыстардың жергілікті атқарушы органдарының, ғылыми ұйымдардың, су ресурстары жөніндегі уәкілетті органның, облыстардың жергілікті атқарушы органының жер қатынастары басқармасының, аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің аккредиттелген республикалық қауымдастықтарының және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді. Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы саны так санды құрауға және бес адамнан кем болмауға тиіс. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурсты ұйымдастырушының дауыс беру құқығы жоқ өкілі болып т а б ы л а д ы .

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурсты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі бүкіл құжаттаманы жүргізеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1510 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

- 1) конкурсты ұйымдастырушының атауы және орналасқан жері;
- 2) конкурстық құжаттаманы алу орны және тәсілдері;
- 3) конкурстық өтінімдер беру орны және оның түпкілікті мерзімі;
- 4) конкурсты ұйымдастырушы айқындайтын басқа да қажетті ақпарат.

10. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мерзімді баспасөзде бір айдан к е ш і к т і р і л м е й ж а р и я л а н а д ы .

11. Конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға ниет білдірген жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі - конкурсқа қатысушы) өтініштері бойынша мынадай ақпаратты қамтитын конкурстық құжаттаманы екі жұмыс күн ішінде б е р е д і :

- 1) конкурсқа қатысушы қойылатын біліктілік талаптарына өзінің сәйкес келетінін растауға берілетін құжаттар тізбесі;
- 2) конкурстық өтінімдер беру тәсілі, орны және оның түпкілікті мерзімі;

3) конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу орны, күні және уақыты;

4) жануарлар дүниесінің орналасқан жерінің карта-схемасын, алаңын, санатын, жай-күйін қамтитын конкурсқа қойылатын аң аулайтын алқаптар туралы ақпарат;

5) белгіленген нысандағы өтінім;

6) конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптары.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

12. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдер берудің түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін жеті күнтізбелік күннен кешіктірмей өз бастамашылығы бойынша хаттама ресімдеу жолымен конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізе алады.

Енгізілген өзгерістер конкурстық құжаттаманы алған конкурсқа қатысушыларға екі жұмыс күні ішінде хабарланады, бұл ретте конкурстық өтінімдер беру мерзімі жеті жұмыс күніне ұзартылады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

13. Конкурсқа қатысушылар конкурсты ұйымдастырушыдан конкурстық құжаттама алғаннан кейін конкурсты ұйымдастырушыға осы Ереженің талаптарына сәйкес екі данада мөр басылған конвертке салынған конкурстық өтінім береді.

14. Конкурсқа қатысушылар конкурстық өтінімді беттері нөмірленіп, тігілген күйінде береді, соңғы беті мынадай құжаттар қоса тіркеліп, олардың қолдарымен куәландырылады:

1) аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөніндегі конкурсқа қатысуға белгіленген нысандағы өтініш (1-қосымша);

2) конкурсқа қатысушыға қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар (түпнұсқалар немесе нотариалды түрде куәландырылған көшірмелер);

3) заңды тұлғалар үшін – өтінім беруші жарғысының және оны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің* немесе анықтаманың, салық төлеуші куәлігінің (салыстыру үшін түпнұсқалар ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмелері.

Ескертпе: * – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) тіркеу (қайта

тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды
б о л ы п т а б ы л а д ы ;

4) жеке тұлғалар үшін – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын құжаттың көшірмесі, сондай-ақ жеке куәліктің немесе паспорттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмелері.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604; 20.12.2013 N 1363 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.12.2013 № 1510 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қ а у л ы л а р ы м е н .

15. Конкурса қатысушы конкурса шығарылатын аңшылық алқаптың шаруашылықаралық аңшылық ісін ұйымдастыру материалымен конкурсты өткізу басталғанға дейін таныса алады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1510 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Конкурсты өткізу

16. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер салынған конверттерді конкурсты ұйымдастырушы белгілеген орында және уақытта ашады. Конкурса қатысушы конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде қатыса а л а д ы .

Белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін берілген конкурса қатысуға конкурстық өтінім салынған конверттер конкурса қатысуға өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді, ашылмайды және қалған конкурстық өтінімдермен бірге сақталады, өтініш жасалған жағдайда, конкурса қатысушыларға қ а й т а р ы л а д ы .

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қ а у л ы с ы м е н .

17. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде комиссия хатшысы берілген құжаттардың бар-жоғы және олардың конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетіні туралы хабарлайды.

Конкурстық өтінімдер салынған конвертті ашу нәтижелері отырысқа қатысушы барлық Комиссия мүшелері мен хатшы қол қоятын конверттерді ашу хаттамасында көрсетіледі. Ашу хаттамасын екі жұмыс күні ішінде конкурстық комиссияның хатшысы облыстардың жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурсында орналастырады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604; 31.12.2013 № 1510 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

4. Конкурстық өтінімдерді қарау және конкурстың жеңімпазын анықтау

18. Конкурстық комиссия конкурс қорытындыларын конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде шығарады.

Конкурстық өтінімдерді қарау барысында конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылардан олардың конкурстық ұсыныстары бойынша түсіндірмелер сұрата алады, сондай-ақ ұсынылған құжаттардың дұрыстығын растау үшін мемлекеттік органға жазбаша сұрау салу жібере алады.

19. Конкурстық өтінім осы Ереженің 14-тармағына сәйкес келмеген жағдайда мұндай конкурстық өтінімді комиссия қарамайды және кері қайтарады.

20. Конкурс жеңімпазын конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру қорытындыларының, олардың конкурстық құжаттамаларының және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі негізінде айқындайды.

Конкурстық өтінімдерді бағалау қорытындылары тепе-тең болған кезде қорғау, биотехникалық және өсімін молайту іс-шаралары кешенінің көлемдері бойынша аңшылық шаруашылығы субъектісін дамыту, сондай-ақ конкурсқа қатысушыға тиесілі өтімділігі жоғары техникалық құралдардың, кордондардың болуы және қорықшылардың (саны) болуы тұрғысынан алғанда артықшылығы бар конкурсқа қатысушыға басымдық беріледі.

Конкурс қорытындыларын шығару кезінде жеткілікті бәсекелестік орта болған жағдайда (үш қатысушыдан кем емес) конкурстық комиссия 2-1-қосымшаға сәйкес конкурстық өтінімдерді бағалаудың салыстырма кестесін толтырады және конкурс жеңімпазынан басқа конкурстық өтінімі неғұрлым артықшылық сипатта болған конкурстың екінші қатысушысын айқындайды.

Комиссияның шешімі конкурстық комиссияның отырысына оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан кезде ашық дауыс беру арқылы конкурстық комиссияның қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

Конкурстық комиссия мүшелерінің болмауына растаушы құжат болған кезде дәлелді себептер бойынша ғана жол беріледі.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604, 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.12.2013 № 1510 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

21. Конкурстық орта болмаған жағдайда (бір үміткердің болуы), егер конкурстың бір ғана қатысушысы конкурсқа қатысушыларға қойылатын барлық талапты сақтаса, ол конкурс жеңімпазы болып танылады.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

22. Егер барлық қатысушылардың конкурстық өтінімін конкурстық комиссия конкурс шарттарына сәйкес келмейді деп таныса, конкурсты оны ұйымдастырушы өткен жоқ деп танылады.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

23. Өткізілген конкурс қорытындылары бойынша конкурстық комиссия конкурстық өтінім салынған конверттер ашылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде отырысқа қатысушы конкурс комиссиясының мүшелері қол қоятын хаттаманы осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес толтырады. Хаттаманың көшірмесі конкурсқа қатысушыларға жіберіледі. Конкурстық комиссияның хаттамасы облыстың жергілікті атқарушы органының шешім қабылдауына негіз болып табылады. Өткізілген конкурстың қорытындылары облыстардың жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1510 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

24. Конкурсты ұйымдастырушы конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурс қорытындылары туралы хаттаманы аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөнінде шешім қабылдау үшін облыстардың жергілікті атқарушы органдарына жібереді және конкурстың барлық қатысушыларын конкурс қорытындылары жайында хабардар етеді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1510 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

25. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары конкурс қорытындылары туралы хаттаманы алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аң аулайтын алқаптарды конкурс жеңімпазына бекітіп беру туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1510 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26. Аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру туралы облыстардың жергілікті

атқарушы органдарының шешімі негізінде «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі мен жануарлар дүниесін пайдаланушы – конкурс жеңімпазының арасында аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт жасалады.

Егер конкурс жеңімпазы облыстардың жергілікті атқарушы органдары аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру туралы шешім қабылдағаннан кейін он жұмыс күні ішінде аңшылық шаруашылығын жүргізу шартына қол қоймаса, онда конкурсты ұйымдастырушы конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес конкурс жеңімпазынан кейін конкурстық өтінімі басымдау деп танылған конкурсқа қатысушыға аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөнінде шешім қабылдау туралы облыстық атқарушы органға ұсыным енгізеді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1510 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптары

27. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптары:

1) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін оның санатына байланысты материалдық-техникалық базаның болуы;

2) қаржыландыру көздері мен көлемін көрсетіп, екі жылға арналған аңшылық шаруашылығы ұйымын дамыту жоспары (қорғау, өсімін молайту және биотехникалық іс-шараларды күшейтуді, жануарлар санының оңтайлы тығыздығын қамтамасыз етуді, шаруашылық ісін ұйымдастыруды өткізу мерзімін, аңшылық шаруашылығын көркейтуді қоса алғанда) ;

3) аңшылық шаруашылығының санатына сәйкес келетін және Аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгілік ереженің талаптарына сай келетін қорықшылық қызметтің (немесе оны құру туралы жазбаша міндеттеме) болуы ;

4) конкурсқа қатысушының қаржылық әлеуетін растайтын құжаттар: анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам уақытқа созылған конкурсқа қатысушы міндеттемелерінің барлық түрі бойынша банк немесе банк филиалы алдында мерзімі өтіп кеткен берешектің жоқ екені туралы конкурсқа қатысушы қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының қол қойылған және мер басылған анықтамасының түпнұсқасы (егер конкурсқа қатысушы екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік

банктің клиенті болған жағдайда, бұл анықтама осындай банктердің әрқайсысынан беріледі). Анықтама конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылатын күннің алдындағы отыз күнтізбелік күннің ішінде берілу тиіс;

соңғы қаржы жылы үшін бірінші басшы немесе оны алмастыратын тұлға қол қойған бухгалтерлік теңгерімнің түпнұсқасы;

5) міндетті төлемдер бойынша бюджетке берешектің болмауы: конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің алдындағы отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей берілген үш айдан астам салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екені не бір теңгеден кем салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің бар екені туралы тиісті салық органының анықтамасының түпнұсқасы;

б) жоғары немесе арнайы орта білімі бар (аңшылық тану, аң шаруашылығы, биолог-аңшылық танушы, биология, ветеринариялық дәрігер, зоотехник, зооинженер мамандықтары бойынша) немесе білімін және жұмыс өтілін көрсете отырып, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында жұмыс тәжірибесі және кемінде 1 жыл және өтілі бар мамандардың болуы (не конкурста жеңіске жеткен жағдайда, осындай мамандарды жұмысқа қабылдау туралы жазбаша міндеттеме).

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен, өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.12.2013 N 1363 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Аң аулайтын алқаптарды
бекітіп беру жөнінде
конкурс өткізу ережесіне
және конкурсқа қатысушыларға
қойылатын біліктілік
талаптарына
1 қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 N 1363 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

(конкурсты ұйымдастырушының толық атауы)

(заңды тұлғаның толық атауы немесе өтініш беруші - жеке тұлғаның аты-жөні)

**Аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөніндегі
конкурсқа қатысуға
өтініш**

20 ж. " ____ " _____

_____ (елді-мекен)

_____ облысы _____ ауданында аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөнінде конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімді қабылдауыңызды өтінемін.

Өтініш беруші туралы мәлімет:

1. Меншік нысаны _____
2. Құрылған жылы _____
3. Тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе анықтама _____

_____ (№, кім және қашан берді)

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болады.

4. Заңды мекен-жайы (мекен-жайы) _____

_____ (индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй N, телефон, факс)

5. Есеп шоты _____

_____ (шот N, банктің атауы және орналасқан жері)

6. Филиалдар және өкілдіктер _____
(орналасқан жері және деректемелері)

7. Қоса берілетін құжаттар: _____

8. Мен конкурстық өтінімде берілген ақпарат үшін жауапты

боламын, менің конкурстық өтінімім ұтқан болып танылған жағдайда аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт жасасуға міндеттенемін.

Жеке/заңды тұлға _____
(қ о л ы) (а т ы - ж ө н і)

М.О.

Аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу ережесіне және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарына
2-қосымша

Аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөніндегі конкурстың N _____ хаттамасы

_____ " ____ " _____ 20_ж.
(елді-мекен)

Конкурстың басталу уақыты _____
Конкурстың аяқталу уақыты _____

1. Конкурстық комиссия мынадай құрамда (аты-жөні және лауазымы көрсетілсін):

_____ - комиссия төрағасы;
_____ - комиссия хатшысы;

комиссия мүшелері: _____
құрылған _____

(конкурстық комиссияны құру жөніндегі конкурсты ұйымдастырушының актісі, құжаттың күні және нөмірі көрсетілсін)
аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөнінде конкурс өткізді.

2. Конкурсқа мынадай аң аулайтын алқаптар қойылды:

N	Аң аулайтын алқаптар туралы ақпарат
1	2
1	
2	

3. Конкурстық құжаттаманы алғандар:

N	Жеке немесе заңды тұлғаның атауы	Мекен-жайы
1	2	3
1		

4. Конкурса қатысуға конкурстық өтінімді конкурстың мынадай қатысушылары ұсынды:

N	Ықтимал қатысушының атауы	Мекен-жайы	Өтінімді ұсынған күн және уақыты
1	2	3	4
1			
2			

5. (Конкурстық өтінімдер кері қайтарылды ма және олардың кері қайтарылу себептері көрсетілсін).

6. Конкурса қатысушылар мынадай құжаттардың тізбесін ұсынды:

N	Конкурса қатысушылардың атауы	Құжаттардың атауы			
		3	4	5	6
1	2				
1					
2					

7. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру қорытындылары бойынша былай деп ШЕШТІ:

1) _____
(жеке және заңды тұлға, мекен-жайы)
конкурс жеңімпазы деп танылсын.

2) _____ конкурстық өтінімі
(жеке және заңды тұлға мекен-жайы)
конкурс жеңімпазынан кейін басымдау деп танылсын.

3) Конкурсты ұйымдастырушы аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөніндегі конкурстың хаттамасын конкурс жеңімпазына аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөнінде шешім қабылдау үшін облыстық атқарушы органға үш күн мерзімде жіберсін.

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия хатшысы: _____

Комиссия мүшелері: _____

Аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу ережесіне және конкурса қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарына

3	Авто-немесе мото-цистерна, немесе өрт сөндіру машинасы	1/100,0	1/200,0	1/400,0	1/600,0	-	1/200,00	1/500,0	-	-	-
4	Патрульдік машина	1/15,0	1/30,0	1/60,0	1/90,0	1/200,0	1/40,0	1/90,0	1/180,0	1/270,0	1 / 600
5	Мотоцикл (ат)	1/5,0	1/15,0	1/30,0	1/50,0	1/200,0	1/30,0	1/90,0	1/200,0	-	-
6	Бензоара	1/5,0	1/10,0	1/20,0	1/40,0	1/60,0	-	-	-	-	-
7	Шалғы	1/60,0	1/120,0	1/200,0	1/300,0	1/500,0	1/150,0	1/300,0	-	-	-
8	Соқа	1/60,0	1/120,0	1/200,0	1/300,0	1/500,0	1/150,0	1/300,0	-	-	-
9	Қайық	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
10	Қамыс шалғы*	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
11	Қарда жүретін көлік**	1/15,0	1/30,0	-	-	-	-	-	-	-	-

кестенің жалғасы

Барлық облыстардың орманды-далалы және далалық аймақтарында (бірлік/мың га)					Барлық облыстардың сулы-батпақты жерлерінде (бір мың га)				
Аңшылық шаруашылығының санаттары					Аңшылық шаруашылығының санаттары				
I	II	III	IV	V	I	II	III	IV	V
1/200,0	1/500,0	-	-	-	1/100,0	1/200,0	-	-	-
1/200,0	1/500,0	-	-	-	1/100,0	1/200,0	-	-	-
1/200,0	1/500,0	-	-	-	1/100,0	1/200,0	-	-	-
1/30,0	1/60,0	1/120,0	1/180,0	1/400,0	1/15,0	1/30,0	1/60,0	1/90,0	1/200,0
1/30,0	1/90,0	1/200,0	-	-	-	-	-	-	-
-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
1/150,0	1/300,0	-	-	-	1/150,0	1/300,0	-	-	-
1/150,0	1/300,0	-	-	-	1/150,0	1/300,0	-	-	-
-	-	-	-	-	1/5,0	1/10,0	1/20,0	1/40,0	1/60,0
-	-	-	-	-	1/5,0	1/10,0	1/20,0	1/40,0	1/60,0
1/30,0	1/60,0	-	-	-	1/15,0	1/30,0	-	-	-

Ескертпе: * су айдының шөп басып кетуіне байланысты

** Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарын қоспағанда